



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Hurst&Company, London, 2000- 740 pp.

3. Ерназаров Ж. Особенности погребально-поминальной обрядности казахов Западного Казахстана// Обычаи и обряды в прошлом и настоящем. – Алматы: Ғылым, 2001-с.334

4. Мустафина Р.М. Ислам и реликты доисламских мировоззренческих традиций у казахов. - Астана, 2010 – 260с.

ИСЛАМ ДІНІНІҢ ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕ ӨРКЕНДЕУ УАҚЫТЫ

Атымтаев А.С.,

Л.Н Гумилев атындағы ЕҰУ, әлеуметтік ғылымдар кафедрасының оқытушысы

Нурыбаев К.Е.

Л.Н Гумилев атындағы ЕҰУ, әлеуметтік ғылымдар кафедрасының оқытушысы,
Астана, Қазақстан

Ислам мәдинеті өркениетті елдің айнасы іспетті өзінің ерекшелігімен, ғасырлар бойы көптеген халықтың өмір сүру тәсіліне айналды. Ислам дініне қайта оралуымыздың имандылығымыздың оянуы Ахмет Ясауидың, иман рухани болмыс мәселелеріне көңіл бөлген кезеңінде мұсылман қауымының рухани саяси дағдарысқа түскен кезеңіне сәйкес келді. «Диуани Хихмет» еңбегі ислам дінінің қазақ жеріне таралуына, имандылықтың маңызды мәселе екендігіне көз жеткізуге бағыталған бірден бір еңбек. Егемендік алудымыздың арқасында ислам дініне деген қызығушылығымыз жанданып, ислам өркениетінің қалыптасуына қазіргі заманда толықтай жағдай жасалған. Қалалар ертеден келе жатқан халықтың бір орталықтандырылған мәдени жетістіктерінің мұрасы ретінде сақталған жері. Әрбір тарихи кезеңдерде өз ерекшелігімен дәстүр қалыптаса бастайды, сол сияқты қалаларда әр ғасыр сайын өз ерекшелігін көрсетеді. Осы ерекшеліктердің бірі ортағасыр мұсылман қалаларында айқын байқалады. Таяу Шығыс қалаларының дамуы Шығыс пен Батыстың айырмашылығын көрсетеді.

Ортағасыр кезеңінде уақытты үнемдеуге аса көңіл бөлмеген, уақытты қатты анықтап бақыламаған. Қоғамдық өмірге жаңа өзгерістер келе бастайды, ол қалалардың ерекше үрдіспен дамуымен келген жаңашылдық. Ол уақытты үнемді пайдалануға себеп болды.

Ортағасыр тарихындағы Жерорта теңізі мен Орта Азиялық мемлекеттерінде жетінші ғасырда үлкен саяси өзгерістер Араб Халифатының құрылуына байланысты белең алады. Арабтардың ислам діні енгеніне дейін қоғамдық тарихы қатты зерттелмеген, себебі ислам діні енгеннен кейін Араб халифаты үлкен саяси күшке айналады.

630 жылы Араб елдерінде Мұхаммедті пайғамбар, Алланың жердегі өкілі ретінде қабылдады, осы кезден бастап бірқалыпты араб тілі қалыптасты.

Араб мемлекеттерінде оның ішінде Йеменде жетінші ғасырға дейін сауда жолдары жүретін қалалар пайда болды - Мариб, Сана, Неджран, Наин қалалары дамыды.

Жетінші ғасырда Иран ауқымды мемлекет ретінде көрініп, Византиямен соғыстың салдарынан экономикасы едәуір төмендеп осы жағдайлар Византияны да және Орта Азияныда Иран мемлекетімен бірге экономикалық құлдырауға енді.

Жетінші ғасырдағы саяси экономикалық жағдайлар Араб Халифаты кезіндегі мықты мемлекеттерді жаулап алуына мүмкіндік берді.

Жетінші ғасырда Арабтар Сирияны, Палестинаны, Иракты жаулап алды. Сегізінші ғасырда арабтар мықты мемлекет құрды. Осы ғасырда Испания мемлекеті де Арабтардың отары болған, олардың мәдени қатынастарының нәтижесіннен архитектуралық жетістіктерге жетті.

Таяу шығыстың маңызды қаласы ретінде Иерусалимді жатқызуға болады. Бұл қалалар арасында ежелгі қалалардың біріне жатады. Ертедегі пайғамбарлар мен ғылым жолында жүрген адамдар Иерусалимді киелі қала ретінде санаған.

Ир-шалом Әлем қаласы немесе Ир – шалем бөлінбейтін қала ретінде сипатталған. Тағы да басқа мәдени орталықтар ретінде Медина ас – Саям (Әлем қаласы немесе Мейрімді қала) тағы да басқа парсы тілінде - құдаймен берілген деген мағына білдіреді. Бағдат географиялық орны жағынан және экономикалық дамумен араб шығысындағы үлкен қалалардың бірі болды. Тағы бір үлкен қалалардың біріне Дамаскті жатқызуға болады. Інжілдің деректерінде Думаск, Думасак. Тарихшылардың пікірінше бұл атауды Нұх пайғамбардың ұлы Сим берген деген жорамал бар. Тағы бір атауы Шығыс көзі. Орта ғасыр араб тарихшысы Ибн Асакир мәлімдеуінше, жер бетін топан су басқан кейін алғаш қалпына келтірілген Дамаск қаласы. Бұл қаланың тарихын б.д.д. төртінші мыңжылдықтарға жатқызады. Таяу Шығыстағы үлкен қалалардың болғандығы, араб мәдинетінің дамуы мен ислам дінінің өркендеуіне үлкен ықпалын тигізген. Араб Халифаты Таяу Шығыстағы едәуір ауқымды мәдени аумақтарды өзіне біріктіріп және мыңжылдық қалалық тәжірибесі бар Шумерден, Аккадтан және Ежелгі Египеттен өркениеттің белгілерін өзіне сіңіріп алды. Араб мұсылман мәдениетінің әлемдік мәдениетке қосқан үлесі өте зор, бұған дәлел Таяу Шығыс қалаларының болғандығы. Бұл әлемдік үдерістен түркі әлемі де тыс қалған жоқ. Түркілер алғаш рет шегінген парсы әскерлерін қуа келген ислам-араб әскерлерімен алғаш рет қазіргі Ауғанстанның батысында 642 жылы қақтығысқа түсті. 712-713 жылдары Қапаған қаған мен Тонкөк әскерлерімен айқасқа түскен Кутейба ибн Муслим, оларды шығысқа шегінуге мәжбүр етті. 738 жылы Сулық қағанды Баға Тарханның өлтіруі, Түргеш мемлекетін ұсақ иеліктерге бөлшектеп жіберді. Осы кезде алғаш рет Наср ибн Сайяр бастаған араб әскерлері Шаш, Отырар сияқты қалаларды басып алды. Бірақ түркілер араб билігіне толық мойынұсынған жоқ. Керісінше, халифат ішіндегі ішкі қайшылықты өздеріне қарсы пайдалануға әрекет жасады. Халифат орталықтарында қуғынға ұшыраған Али ибн Абу Талиб ұрпақтары түркілер арасынан қолдау тауып отырды. Олар осы жерде алғаш рет 766-767 жылы Қарлұқ-қарахан, Сырдың төменгі ағысында Оғыз мемлекетін дүниеге келтірді. Ясауи дүниеге келген кезеңде Аббасидтер халифаты саяси тұрғыдан ыдырамағанымен, рухани ықпалы жағынан әлі де қуатты болуының нәтижесінде. Ислам діні Сирия, Мысыр, Солтүстік африка, Испанияда, Еділ бойы Шығыс Түрік, Шығыс Азия, Иран – Сасанидтер өлкелеріне кеңінен тараған болатын. Мысалы: «Исфиджаб қаласы Ясауи дүниеге келмей тұрып 100-150 жыл бұрын исламды қабылдаған. 960 Шаш пен Фараб (Отырар) арасында 200 жуық ислам дінін қабылдаса X ғасырдың бірінші жартысында Қашығар мен Баласұғын аймағы исламды қабылдаған болатын». [11] Түркілердің дамуы ешбір елдікіне ұқсамайтын, қарабайырлықтан аулақ қоғам құрды және төл мәдениетін өркендетті. Әрбір көшпенді халықтың өзіне ғана тән келбеті, ерекшеліктері болады. Сонау қадым замандарда, алғашқы орта ғасыр, жаңа дәуірлердегі дара тұлғалардың шоғырларының қоғамдық өмір саласындағы атқарған сан қилы рөлдері мен ғылыми және мәдениетке қосқан үлестерін аймағына қарап емес, әлемдік өркениеттің дамуына қосқан ерен ой – пікірлері ретінде мойындауымыз керек. Әдетте ұлы адамдардың өмірі мен қыруар қызметі қашанда қала тұрғындарының өмірімен тұтасып жатады. Түркістанның киелі жер атануына Қожа Ахмет Ясауидің үлесі, Суфизм ағымының алдыңғы өкілдерінің бірі ретінде ислам дініне деген қосқан үлесі. Діни ілімін, өзінің іс әрекетімен, рухани болмысымен байланыстыра отырып өмір сүрген өз заманының белгі тұлғасы. Қожа Ахмет Ясауи өзінің Диауни хикметінде: [10]

Білгесің бұ дүние барша елден өтер,
Малға да сенбе, бір күні қолдан кетер
Ата-ана, қарындас қайда кетті ойланып көр,
Төрт аяқты шабан ат бір күн саған жетер
Дүние үшін қам жеме, Хақтан өзгені деме,
Сират көпір тұрар, кісі малын жеме – дейді.

«Егер адам тәнін, нәпсісін тастап ілім сафтық иесі болып іші сыртын пәк етіп, көңіл айнасын тазартса, рух қайтадан жауһар қаліне келеді» - дейді. Ясауи ілімінде жағымды халдердің қатары жаратушыға деген махаббат, батылдық, төзімділік және т.с. болып жағасып кете береді. Сондықтан, парсылар: «Ислам дінінің теориясы Меке Медине,

тәжірибесі Түркістанда» - деп мойындаған. Ясауиде рух танен бұрын жаратылған және ол «Абсалюттік рух» (кулли рух) деп атайды. Бұл туралы хикметерінде: «Рахым ішінде пайда болдым, нида (үн) келді. Зікір айт деді ағзаларым тітіреп сала берді. Рухым кірді. Сүйектерім Алладеді» [11] - деп нақтылайды.

Ясауидің іліміне иланған, Кейін бұл кесене мұсылмандардың жаппай тәуеп ету орнына айналды. Ахмет Ясауи өз заманында ислам дінінің қазақ жерінде бір қалада шоғырлануы, философиялық ойлардың дінмен ұштасуы болса, Батыс Еуропада ортағасыр кезеңі кезінде философия дінін қызметіне қарай бейімделді. Таяу Шығыспен орта Азия елдерінде философия дінін таным тәсілдерінің бірі болды десе де болады. Ахмет Ясауи хикметерін араб тілінде жазбай түрік тіліне жазуы, өзінің жеке басының мүдесіне емес, халқының бірлікте болуын қалап халқына қалдырған құнды мәліметтер жиыны.

Қолданылған әдебиет

1. Нысанбаев А. Н., Курманғалиева Г. К., Коянбаева Г. Р., Кенисарин А. М., Сейтахметова Н. Л., Аль – Фараби и развитие восточной философии.–Астана: Елорда, 2005г
2. Кирабаев Н. С. О философских основаниях мусульманской культуры / Номорphilosophans. Сборник к 60 - летию профессора К.А. Сергеева. Серия Мыслители, выпуск 12. – СПб.: Санкт-Петербургское философское общество, 2002г.
3. Гюлен Ф. Жизнь и исламская вера. – Алматы, 2007г.
4. Шахмардан. Жизнь Ходжа Ахмеда Ясауи. Простор 1992г. 117 стр.
5. Исламская философия. Учебник для высших учебных заведений. 596 стр.
6. Сағындықұлы Б.М Ғаламның ғажайып сырлары Мәтін: Адам ата мен Хауа ана, Алматы: Ғылым, 1997,295 бет
7. Имандылық бастаулары Мәтін: Пайғамбарлар жайында әңгімелер, Алматы, Ана тілі,1998,118 бет.
8. Культура и искусства средневекового города, - научное издание Под. Ред.Русанова И.П. – М: Наука. 1984, - 145 с.
9. Сенченко И.П. Аравия: общество, традиции и нравы. – М: Знание, 2001г.
10. Әдеби Жәдігерлер Редакторы З.К. Башбаева 2005 Алматы 23 бет
11. Досай Кенжетай Ясауи дүниесі. Түркістан 2004.

ВЗГЛЯД НА ЛЮБОВЬ КО ВСЕВЫШНЕМУ В ИСЛАМЕ СКВОЗЬ ПРИЗМУ ТРУДОВ СУФИСТОВ И ХОДЖИ АХМЕДА В ЧАСТНОСТИ

Асабаев Алпамыс

студент 2 курса, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – К.Е.Нурыбаев

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ
السلام عليكم ورحمة الله وبركاته!

Пророк Мухаммед (صلی الله علیہ و سلم) сказал: «Самое лучшее из дел - это любовь ради Аллаха и ненависть ради Аллаха» [1]. Каждый правоверный мусульманин, вне зависимости от его ступени, а и представители иных религиозных конфессий, часто задумываются о таких моральных ценностях, как «честь», «совесть», «долг», «справедливость». Отсюда складывается и бихевиористическая составляющая воспринимаемого ими мира, - кто-то следует безукоризненно канонам религии, другие же задаются различного рода вопросами. Начиная от простейших, открытых и заканчивая специальными, в попытках объяснить мир. Но сегодня мы будем говорить о, пожалуй, самом экстраординарном чувстве их тех, что достались человеку – любви. Любовь проклинали, любовь возвышали, ею брали города и страны, памятники любви представляются нам в различных формах: хрупких и